

Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы және Өзбекстан Республикасы арасындағы Мәңгілік достық туралы шартты бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 1998 жылғы 29 маусым N 242

Бішкекте 1997 жылғы 10 қаңтарда қол қойылған Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы және Өзбекстан Республикасы арасындағы Мәңгілік достық туралы ш а р т б е к і т і л с і н .

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Президенті

**Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы және
Өзбекстан Республикасы арасындағы Мәңгілік достық туралы
Ш а р т**

(ҚР халықаралық шарттары бюллетені, 2000 ж., N 1, 14-құжат) (1999 жылғы 15 ақпанда күшіне енді - "Дипломатия жаршысы" ж., Арнайы шығарылым N 2, 2000 жы л ғ ы қ ы р к ү й е к , 8 7 б е т)

Бұдан әрі қарай "Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар" деп аталатын Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы және Өзбекстан Республикасы, үш мемлекеттің тарихи қалыптасқан берік байланыстарына сүйене отырып, Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар арасындағы достық қатынастарды, тату-тәтті көршілікті, ынтымақтастықты және өзара көмекті нығайту олардың халықтарының түпкілікті мүдделеріне сай келеді, бейбітшілік пен қауіпсіздік ісіне қызмет етеді деп с а н а й о т ы р ы п ,

халықаралық құқық нормаларына, ең алдымен БҰҰ Жарғысының, Хельсинки Қорытынды Актісінің және ЕҚЫҰ шеңберінде қабылданған басқа да құжаттардың мақсаттары мен принциптеріне өздерінің адалдығын қуаттай отырып, өз халықтарының экономикалық дамуы мен рухани өркендеуінің негізі болып табылатын аймақтағы саяси тұрақтылық пен ұлтаралық келісім үшін жауапкершіліктерін түсіне отырып,

Біртұтас экономикалық кеңістік шеңберінде үш елдің экономикалық

ынтымақтастығын тереңдете түсу, оны бұдан әрі қарай дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасау, барлық меншік нысанындағы шаруашылық субъектілері арасында тікелей байланыстар орнату қажет деп санай отырып, тарих, мәдениет, тіл мен дәстүрлер тамырластығына негізделген үш мемлекет арасындағы достық қарым-қатынастарын одан әрі нығайту мақсатында мына төмендегілер жөнінде уағдаласты:

1 - б а п

Бауырлас және достас мемлекеттер бола отырып, Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы және Өзбекстан Республикасы өз қарым-қатынастарын кең көлемдегі ынтымақтастық пен өзара сенім негізінде құрады.

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар тәуелсіздікті, егемендікті, аумақтық тұтастықты және мемлекеттік шекаралардың мызғымастығын сыйлау, бір-бірінің ішкі істеріне қол сұқпау, тең құқықтылық және өзара тиімділік принциптері негізінде қарым-қатынастарын дамытатын болады.

2 - б а п

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар ең алдымен тәуелсіздік пен егемендікке, аумақтық тұтастыққа және тәуелсіз саясат жүргізуге қатер төнуін болдырмау мәселелерінде жан-жақты қолдау көрсете отырып, ынтымақтастықты дамытатын болады.

3 - б а п

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар басқа Мәртебелі Уағдаласушы Тараптарға қарсы басқыншылық немесе дұшпандық әрекет мақсатында өз аумағын пайдалануға жол бермеуге міндеттенеді.

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптардың біреуінің пікірінше басқа мемлекеттер тарапынан қарулы басқыншылық қатерін төндіретін жағдай туындайтын болса, Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар мұндай жағдайды бейбіт реттеуге жәрдемдесетін шаралар қабылдау мақсатында, сондай-ақ бірлескен қорғанысты қамтамасыз ету үшін үш жақты негізде, сондай-ақ өздері қатысушылары болып табылатын халықаралық ұйымдар шеңберінде де тез арада бір-бірімен тиісті консультациялар өткізеді.

4 - б а п

Үш жақты қарым-қатынастарды қалыпты дамытуды қамтамасыз ету, халықаралық

аймақтық проблемалар бойынша пікірлер алмасу мақсатында Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар әртүрлі деңгейлерде өзара консультациялар өткізетін болады.

Консультациялар барысында Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар оларды Тараптар мүшелері болып табылатын халықаралық ұйымдарда қарау кезінде Мәртебелі Уағдаласушы Тараптардың ортақ мүдделерін қозғайтын аймақтық және ғаламдық мәселелер бойынша позицияларын келісетін болады.

5 - б а п

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар БҰҰ әлеуетін барынша толық пайдалану мақсатында ынтымақтастықты жүзеге асыратын болады. Осы мақсатта Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар бейбітшілікті сақтауда және халықаралық қауіпсіздік пен басқа да салаларда БҰҰ рөлін нығайту үшін барлық күш-жігерлерін жұмсайды.

6 - б а п

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар БҰҰ бітімгершілік күштерінің қызметі принциптерінде миссияларын орындауға арналған, Біріккен Ұлттар Ұйымының қамқорлығымен Орталық Азия бітімгершілік күштері батальонын құруға зор маңыз береді және батальон қызметін қамтамасыз ету үшін барлық қажетті шараларды қ а б ы л д а й д ы .

7 - б а п

Жоғары Уағдаласушы Тараптар аймақтық ынтымақтастықты нығайту аймақ елдерінің игілігі мен қауіпсіздігіне жәрдемдесетініне нық сенімді бола отырып, Орталық Азиядағы ынтымақтастықтың кеңеюіне көмектесетін болады.

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар саяси, экономикалық және қаржыны қоса алғанда , ешқандай да күштеусіз аймақтық ынтымақтастықты жолға қою қажеттілігі туралы о р т а қ п і к і р г е к е л д і .

8 - б а п

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптардың тиісті ведомстволары үш мемлекет арасындағы достық қатынастар мен ынтымақтастыққа қандай да болмасын зиян келтірмейтіндей нысанда бір-бірімен өзара бірлесіп іс-әрекет етеді және даулы мәселелер пайда болған жағдайда оларды өзара сенім мен түсіністік рухында, егер осындай қажеттілік туса, үкімет деңгейінде келісім комиссияларын құру жолымен ш е ш е т і н б о л а д ы .

9 - б а п

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар экономикалық, сауда қатынастарды, мәдениет, ғылым және технология салаларындағы байланыстарды кең ауқымды негізде және ұзақ мерзімдік перспективаларды ескере отырып дамытатын болады.

Осы мақсатта Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар елдер арасындағы тауарлардың, қызметтер мен капиталдың кең түрде және тиімді ауысуына бірте-бірте көшу үшін қажетті құқықтық, экономикалық, қаржы және сауда жағдайларын жасайды.

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, көлік, туризм, спорт, денсаулық сақтау, байланыс және телекоммуникациялар, энергетика, қоршаған ортаны қорғау салаларындағы ынтымақтастықты нығайтатын болады.

1 0 - б а п

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар Мәртебелі Уағдаласушы Тараптардың біреуіне тұрғылықты тұру үшін баратын өз азаматтарына Тараптардың ұлттық заңдарына сәйкес олардың өз меншігін, соның ішінде өндіріс құралдарына да меншігін еркін п а й д а л а н у қ ұ қ ы ғ ы н б е р е д і .

1 1 - б а п

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар көлік коммуникациясы, тауарлар транзиті және қызмет көрсету салаларындағы ынтымақтастықты қолайлы және өзара тиімді шарттар негізінде жүзеге асыратын болады.

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар өздерінің экономикалық потенциалын Трансазиялық темір жол және автомобиль магистральдарын қалыптастыруда, сондай-ақ транзиттік тасымалдар саласындағы ынтымақтастықты дамытуда пайдалану қ а ж е т т і г і н р а с т а й д ы .

1 2 - б а п

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар үш елдің мәдениет және білім мекемелері арасындағы байланыстарды, сондай-ақ мамандардармен алмасуларды көтермелейтін болады. Мәртебелі Уағдаласушы Тараптардың әрқайсысы өз азаматтарының басқа Мәртебелі Уағдаласушы Тараптардың тілін, мәдениетін, өнер шығармаларын, әдебиетін және баспасын кең түрде үйренуге қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

1 3 - б а п

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар осы саладағы екіжақты және көпжақты шарттарға сәйкес әрекеттене отырып, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге баса маңыз аударды.

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар қоршаған ортаның ластануын болдырмауды және табиғатты тиімді пайдалануды қамтамасыз ету үшін қажетті барлық шараларды қабылдайды. Олар бірлескен арнаулы табиғат қорғау бағдарламалары мен жобаларды әзірлеуге және жүзеге асыруға жәрдемдеседі.

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптардың әрқайсысы адамдар тұрмыс-тіршілігіне қауіп төндіретін экологиялық апаттар мен табиғат құбылыстары кезінде басқа Тараптарға шұғыл көмек көрсететін болады.

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар аймақтың, соның ішінде, ең алдымен Әмудария және Сырдария өзендері бассейндерінің, Арал теңізінің бүлінген экологиялық жүйесінің тепе-теңдігін қалпына келтіруге ұмтылатын болады.

1 4 - б а п

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар үш елдің парламенттері арасындағы байланыстардың кеңеюіне жәрдемдесетін болады.

1 5 - б а п

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар олардың ұлтына, діни нанымына немесе өзге де айырмашылықтарына қарамастан өз аумағында тұратын екінші Тарап азаматтарының әлеуметтік, экономикалық және мәдени құқықтарына, адам құқықтары жөніндегі жалпыға танымал халықаралық нормаларға сәйкес еркіндіктеріне кепілдік береді.

1 6 - б а п

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар халықаралық терроризммен, ұйымдасқан қылмыспен, есірткі заттарды заңсыз сатушылықпен, қару-жарақ, сондай-ақ мәдениет пен өнер ескерткіштері контрабандасымен және көлік саласындағы және қылмыстың басқа да түрлерімен күресті ынтымақтаса отырып жүргізетін болады.

1 7 - б а п

Осы Шарт басқа мемлекеттерге қарсы бағытталмаған және ешқандай нысанда Мәртебелі Уағдаласушы Тараптардың басқа мемлекеттермен іс жүзіндегі екі жақты және көп жақты шарттарынан туындайтын қандай да болсын құқықтары мен

міндеттеріне

қ а т ы с ы

ж о қ .

1 8 - б а п

Осы Шарт БҰҰ Жарғысының 102 бабына сәйкес БҰҰ Хатшылығында тіркелуге тиіс

1 9 - б а п

Осы Шарт бекітілуге тиіс және Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар бекіту грамоталарымен алмасқан күннен бастап күшіне енеді.

1997 жылғы 10 қаңтарда Бішкек қаласында үш данада, әрқайсысы қазақ, қырғыз, өзбек және орыс тілдерінде жасалды, сондай-ақ барлық мәтіндердің күші бірдей.

Қазақстан Республикасы үшін Қырғыз Республикасы үшін Өзбекстан Республикасы үшін